

№5-6 семинар сабақ

Тақырыбы: Грамматикалық тәсілдер

Семинар сабақ жоспары:

1. Грамматикалық мағынаны берудің семантикалық тәсілі
2. Грамматикалық мағынаны берудің синтетикалық тәсілі
3. Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі

Әдістемелік нұсқау: Дәрісті оқу міндетті. Дәрісте берілген материалдарды басшылыққа алу қажет. Берілген әдебиеттерден семинардың сұрақтарына сәйкес (ауытқымай) нақты жауап әзірлеу сұралады. Әдебиеттердегі ой-пікірлер мен тұжырымдарға сыни тұрғыдан қарап, салыстырмалы талдау жасау керек. Берілген әдебиеттерден басқа да мақалалар, ғылыми еңбектер пайдалану ұсынылады. **Ескерту:** Google іздеуде табылған студенттер, магистранттар жұмыстарын, уикипедия т.б. академиялық емес материалдарды пайдалануға болмайды.

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1996.
<https://www.twirpx.com/file/2531582/>
2. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 1996
3. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002
4. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967
6. Ысқақов А. Қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 1992
7. Исаев С. Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, 2007

БӨЖ тапсырмасы: Берілген мәтіндегі ерекше белгіленген сөздерге грамматикалық мағына, грамматикалық тәсіл бойынша талдау жасаңыз (мен көрсеткен үлгі бойынша):
<https://kitap.kz/book/6435/read> ҚАЗАҚСТАНҒА УРБАНИЗАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ КЕРЕК

Ендігі күнде адамзат көшін аймақтық немесе әлемдік қаржы орталығына айналған, жыл өткен сайын тұтасып келе жатқан ғаламдық нарықты сапалы тауармен қамтамасыз ете алатын, саяси тұрғыда оңшыл-либералдық платформаға көшкен ұлттар бастайды. Елдің бәрі мұндай бола алмайтыны тағы анық. Сондықтан халықтар арасындағы шешуші бәсекенің ғасыры туды.

БӨЖ тапсыру мерзімі: .../10/2020